E-GOV.KZ жүйесі бойынша тіркелген алғашқы бұқаралық ақпарат құралы
45minut.kz
Республикалық басылым - Республиканское издание
2023-2024 оқу жылы | № 14 (277)

ҒЫЛЫМИ ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ:

Қазіргі жастардың сөйлеу мәдинетіндегі тілдік қолданыс

Орындаған:
Түркістан қаласы Некрасов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
8- сынып оқушысы АШИМОВА АДИНАБОНУ

Жетекшісі:Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Мырзагалиева Акнур Доскалиевна

МАЗМҰНЫ:

I. Кіріспе
II.Негізгі бөлім
2.1 Ауызекі сөйлеу тілінің стилі
2.2 Сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері
III. Практикалық бөлім
3.1 Заманауи жастардың сөйлеу мәнері туралы
3.2 Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы
IY.Қорытынды
Y.Қолданылған әдебиеттер тізімі

КІРІСПЕ

Жастық шақ рухани қор жинау кезеңі. Оған көп нәрсе үйрену керек пе? Керек. Білім қажет пе? Қажет. Жақсыдан ғибрат, оны көкейге түюге тиісті ме? Тиісті.

Осының бәрін ескере отырып, жастарымыз сөйлеу мәдениетін сақтап, өзге тілдегі сөздерді шұбарлап, өз тілімізді талан-таражға салмаудың амалын қарастыруы тиіс. Ол үшін, біріншіден, отбасы, яғни ата-аналар балаларының сөз әдебіне, тіл мәдениетіне мән беріп, сөйлеу әдебін қадағалап отырса.

Екіншіден, ортаның әсері, айналасының, достарының дөрекі сөздерінің әсері үлкен. Сондықтан адам ондай ортадан үнемі аулақ ұстап отыруы тиіс.

Үшіншіден, көркем әдебиетті оқуға деген оқушылардың қызығушылығын арттырудың жолын қарастыру. Ұлттық тілді жүрегінде от жалыны бар, отаны үшін жанын пида етуге әзір, кеудесінде ұлттық рухы бар қазақ қана қадірлеп, қастерлей алады.

Қазіргі жоғары оқу орнының негізгі мақсаты студенттің білімін, біліктілігін, дағдысынқалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде қоғамның белсенді азаматын, жоғары мәдениетті кәсіби маман тұлғасын қалыптастыру.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, гуманитарлық білім беруді күшейту, білім сапасын көтеру және студенттердің оқу-тәрбие үрдісіне қарым-қатынас сипатының өзгеруі кәсіби білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер қажеттілігін туғызуда. Яғни, әрбір ел басқаратын, қоғам болашағы үшін елге қызмет жасайтын әрбір жас өзінің ана тілін ерекше құрметтеп, тіл тазалығын сақтап, кәсіби тұрғыда мәдениетті сөйлей білуіқазіргі заман талабы, әрбір адамзат міндеті екенін ескеруіміз қажет.

Ана тілінжақсы білетін бар қазақтың міндеті жаһандану заманында қазақ болып қалу үшін ата бабамыз қалдырған ұлт тіліндегі сөз жауһарларын ұмытпау, жастардың тіліне дарыту, олардың сүреңсіз сөз қолданыстарына бақылау жасау, кейінгі ұрпаққа бұзбай табыстау.

Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы. Сөздерді қиюластырып, ойын әдемі де әсерлі жеткізе білу де – өнер. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі - тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ең алдымен ойымыздың, сөзіміздің бөтен, жат элементтермен араласпауы талап етіледі.

Тіл мәдениеті дегеніміз – адамдармен тілдік қарым-қатынас негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ол жалпытілдік норманың сақталуымен, тілдің мазмұндылығымен, ойлылығымен, лексикалық байлылығымен, көркемдігімен әрі мәнерлілігімен сипатталады. Жалпы тіл мәдениетіне қатысты анықтамаларды қарастырып отырсақ, тіл мәдениеті дегеніміз сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу мен жаза білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен, әсерлі етіп қолдана алу шеберлігі.

Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Яғни, тілдің эстетикалық әсер етуіне басты назар аударылуы қажет. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты сөйлеу, жазу үстінде де адамның әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасындағана емес, соған қоса тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс.

Абай тегін айтпаған. Ана тілінің сөз байлығын игерген, сөз құдіретіне түсінген, тіл тазалығында өзіне де, өзгеге де талап қоя алатын адам тіліміздің тазалығына, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Үлкен кісілер «сөздің құдіретінен» қорқып, ауыздан шыққан әрбір сөзге абай болып, ойланып барып сөйлеген. Абай атамыз: «Сүймек, сезбек, кейімек, харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек…», – дейді. Ал қазірде керемет бай, көркем, әдемі тіліміздің жұрнақ та қалмай бара жатыр десек, шатаспағанымыз. Неге? Себебі бүгінде біздің қатарластарымыз мүлдем батыстанып барады. Қазіргі жаһандану заманында батыстан келіп жатқан тоқтаусыз ақпараттар легі жастардың тіліне қатты әсерін тигізуде.

II Негізгі бөлім

2.1 Ауызекі сөйлеу тілінің стилі

1. Тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас жасау қызметінің жүзеге асуына байланысты.

Бұл өте кең таралған функционалды стиль. Тұрмыста, отбасында, өндірістегі бейресми қатынастарда адамдардың еркін қарым-қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі өзге функционалды стильдерге, әсіресе олардың ауызекі түрлеріне ықпал жасайды: баяндама, дәріс, пікірталас т.б.

2. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі өзіндік ерекшеліктерін жасайтын айрықша белгісі жағдайға байланысты сөйлеу мәнері, эмоцияға қарай тілдік бірліктерін қолдану өзгешелігі болады. Бұл ерекшелігі ең алдымен, ондағы лексика-фразеология байқалады;

а) ауызекі сөйлеу тілі диалогқа құрылады. Қатысушы екі адам. Интонация ерекше қызмет атқарады. Сөйлеу тілінің тағы бір ерекшеліті монолог (бір кісінің сөзі көпшілік алдында сөйлеу, баяндама, дәріс, консультация);

ә) Ауызекі сөйлеу тілінің стилі ерекшеліктерінің екінші түрі онын эмоциялылығы, өйткені айтушы өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мыс., "Көбірек сөйлеп кетті" (бәсендеу түрі, бірақ эмоция сезіледі), "Мылжыңдап кеттің ғой!" (эмоцияның катан түрі);

б) Ауызекі сөйлеу тілінің стилі әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін ол өмір сүрген ортадағы жергілікті диалект сөздерді стильдік мақсатта әдеби қолданады;

в) Ауызекі сөйлеу тілінің стилі тілінде қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Мыс., "Айналайын-ау, сені түсінеді деп айтып отырмын". Сондай-ақ, сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады;

г) Ауызекі сөйлеу тілінің стилі тілдің көркемдегіш бейнелеуші тәсілдері де қолданылады (теңеу, эпитет, гипербола). Мыс., "Өгіздей біреу алдымнан шыға келді";

т) Ауызекі сөйлеу тілінің стилі басқа стильдерден өзгешелігі мен ерекшелігі, ең алдымен синтаксистен сөйлем құрылысынан байқалады. Стильдің бул түрінде сұраулы, лепті сөйлемдер катысады. Диалогке құрылады. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі ой көбіне автоматты түрде (аяқастынан) дайындықсыз айтылады.

2.2 Сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері.

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Ж. Баласағұн «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп тауып айтқан

Көне замандағы мәдениет ошақтарының бірі – шумерлердің тас табақтарына былай деп жазылған екен: «…аузыңа абай бол, көкейдегі ойды айтуға асықпа, ойланбай сөйлесең, опық жейсің…», ал мексика халықтарында «сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асығып-аптықпа, қызбаланба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұрымтал болсын» десе, үнді заңында «қандай бір қиын жағдайда да балағат сөзге тыйым салынады, көкейге қонымды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылсын» делінген. Бұл адамның сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын, жөнімен сөйлей білудің қажет екенін, сөздің құдіретін мойындаудан туған жауапкершілік

Тіл дедік, сөйлеу дедік, ал енді сөйлеу әдебі дегеніміз не?

Сөйлеу әдебі ағыл. speech etiquette – Тіл практикасының ұлттық, өзіндік ерекшеліктерге ие қағидалары; бұл ережелер әңгімелесушімен «сыпайы, биязы» байланыс жасауға (байланысты орнату, оны қолдап отыру, байланысты тоқтату) қоғам тарапынан бекітілген қалыпты нысандар мен тілдік бірліктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу әдебінің жағдаяттары ретінде назар аудару және назарды өзіне аудару, амандасу, танысу, шақыру, өтініш, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, қошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу және т.б. түрлерді атауға болады.

Сөйлеу мәдениеті өспейінше жоғары
ақыл мәдениетіне жетуге болмайды. Теплов Б.

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Ж. Баласағұн «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп тауып айтқан

Сөйлеу әдебі ағыл. speech etiquette – Тіл практикасының ұлттық, өзіндік ерекшеліктерге ие қағидалары; бұл ережелер әңгімелесушімен «сыпайы, биязы» байланыс жасауға (байланысты орнату, оны қолдап отыру, байланысты тоқтату) қоғам тарапынан бекітілген қалыпты нысандар мен тілдік бірліктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Сөйлеу әдебінің жағдаяттары ретінде назар аудару және назарды өзіне аудару, амандасу, танысу, шақыру, өтініш, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, қошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу және т.б. түрлерді атауға болады.

Адамның мәдени тұлға ретіндегі табиғатын зерттеуші ғалымдар, адамның мәдениеттілігі мен адамның қасиетін түсіндіру үшін сол адамның өскен, өнген, тәрбиеленген ортасында алған тәлім-тәрбиесі негіз болатындығын айтады. Адам – қоғам өкілі, белгілі бір ортаның саналы тұлғасы. Қоғамдық қарым-қатынастың ішінде адамның түрлі субъекті не объектімен қарым-қатынасында тілдің орны әрдайым басты рөлде болады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайылық, кішіпейілділік пен адамгершілік қасиеттер тіл арқылы көрініс табады. Сөйлеуші жақтың тыңдаушыға деген құрмет-қадірінің қаншалықты дәрежеде екені де сөз жұмсалым арқылы беріледі. «Тіл барлық заттар мен құбылыстарды, т.б. таным белгілерді ұғынуға көмектеседі. Адамның рухы мен ішкі эмоциясын, сондай-ақ, адамдық қарым-қатынастан туған адами сыпайылықты да айқын көрсетеді».

Сыпайылық ағыл. politeness – әңгімеге қатысушылардың Тілдік практикасының көрінісі; бір-біріне құрмет көрсетудің әдістері; мыс., Сен-Сіз есімдіктерін, әңгімеге қатысушының лауазымын, атағын (мыс., доктор, профессор), қазіргі кезде сөйлеу этикетінің (әдебінің) мәдениетін көрсететін ханым, мырза сөздерін, әңгімеге қатысушының өз ісіне, кәсібіне қосқан үлесін көрсететін (мыс., әдебиеттің ақсақалы) шынайы қошемет сөздер мен сөз тіркестерін әңгіме барысында қосып отыру сыпайылықтың белгісі болып саналады.

Сөйлеу әдебі қарым-қатынаста, қоғамдық орындарда, жалпы өз елімізде сирек сақталады. Көптеген студенттер ойын жеткізе алмай қысылғанда аузыма сөз түспей тұр, тілімнің ұшында тұр, көкірегімде бәрі сайрап тұр, айтуға тілім жетпей тұр деп мүсәпірлікке ұрынады.

Төл тіліміздің сөздік қоры өте бай екендігіне ешкім де бүгінде таласа алмас. Әсіресе, тәуелсіздік алғалы бері елімізде қаншама басылымдардағы әдеби- көркем, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени, тұрмыстық қарым-қатынаста туындаған жаңа да тың, соны сөздер, сөз орамдары мен сөз тіркестері де сөздік қолданысқа еніп кетті. Бастапқыда сол сөздерді өгесінгенімізбен, өзегімізді талдырмайтындығына, өлтірмейтіндігіне көзіміз жетті. Көне сөздерге жатқызуға бейімделіп қалған ұлттық ерекшеліктер – киіз үй, ою-өрнектер, мал шаруашылығы, байырғы соғыс өнеріне қатысты сөздер соны мәнге ие болып, жаңара бастады, жаңғырды. Мәселен, киіз үйге қатысты туырлық, уық, ергенек, кереге, шаңырақ деген сөздер күні кешегі күннің заттары секілді өз мағынасы мен мәнін жоғалта бастағаны жасырын емес-ті. Өз тіліміздегі өз сөзіміз көңілімізге, көкейімізге томпақ тиіп, оны баяғы замандағы көшпелі халықтың, көне ата-бабаларымыздың көшіп-қонып жүргендегі сөз қолданысы деген де ойда болатынбыз.

Рас, тәуелсіздік ұлттық болмысымызды оятты, сергітті. Ата-бабамыздың, түп тамырымыздың түбіне, өзегіне, тереңіне үңіле түсуге ықпал етті. Оң әсерін тигізді. Біздер ешкімнен де кем емес, өз тарихы, өз мәдениеті мен өзіндік рухы бар әрі болмысы биік ұлт екендігімізге сенімімізді күшейтті.

Ал ендігі мәселе – сөз мәдениетіне келелік. Ашығын бірден айталық. **Сөз мәдениеті бүгінде өз деңгейінде ме?** Ия деуге де негіз бар. Біріншіден, білім беру мекемелерінде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында, онда өтілетін дәрістерде, лекцияларда, семинарлар мен тренингтерде, түрлі пікірталастар мен сұхбаттар сәтінде сөз мәдениетіне еріксіз түрде, ішкі түйсікпен бойымызды, ойымызды жинап, талап деңгейінде көрінуге талпыныс танытамыз. Дұрыс сөйлеуге ұмтыламыз. Екіншіден, демей-ақ, ендігіде бүгінгі зәру мәселелерге ойысалық.

Сөйлеу, сөйлей білу қазірде мәдениет деңгейіне көтерілуі қажет. Өйткені, су жаңа киімді киюге аңсарың қатты ауғандай немесе киер киіміңді талғап, таңдап кигендей сөйлеу мәселесіне де дәл солай мән бере кіріскен жөн. Бұл жәйтті тек киіну жағдаятымен салыстыру аздық етер, бәлкім. Олай болса, тамақтану секілді, дос, жар таңдау сияқты тиісті мамандық иесі болу сипатындағы ой-қиялыңды електен өткізетіндей, сондай пейіл таныта кіріскен абзал.

Сөйлеу – жеке өзіңнің қажетің ғана емес. Қоғамдық сипаты мол қасиет бұл. Сөйлеу мәдениеті осыдан шығады десек, артық айтқандық емес. **Сөз – қару, сөз – демеу, сөз – бағыт бағдар, сөз – іс-қимыл** болған заманда өмір сүру өте күрделі һәм қиын. Төл тіліміз өз еркіндігін алып, өз тізгінін қолына алды дегенмен, әлі де зәруліктер жеткілікті. Бұл, бәлкім, заңдылық та шығар. «Бәріміз бір тілде сөйлесек, жұмақ – қоғам орнатамыз» деген коммунистік идеологияның зардабы да болар. Әйтпесе, ана тілі деп бағаланатын қасиеті мен киесі бар өз тілінен өгей бала ғана өзеуреп, өзегінен жериді емес пе?!. Өз тілін білген, өзін құрмет тұтқан перзент өзгені де тап солай сезінері хақ. Өзінен безген өзгені де жарылқары аса күмәнді де. Тіл де солай ендеше. Өткен тарих та осылайша ғибраттайды. Әлемді уысына ұстамақ болған Шыңғыс хан Қытай елін жауламақ болғанда, сол елдің ішіне өз әскерлерімен ендеп енгенінде, сол елдің мемлекет билігі ешбір ойланбастан, олардың басып алуына мүмкіндік те берген. Бұл – жеңілістің белгісі емес-ті. Бұнда ұзақ мерзімге созылған пәлсапа жатқан-ды. Күндер өтер, жылдар жылжыр. Ішке енген шыңғысхандық жауынгерлер сол жердің қыздарын жар етіп құшар, ұрпақ та өсірер, бірақ сол ұрпақ монғол тілінде емес, қытай тілімен көзін ашар, ал өзге тілде дүние есігін ашқан ұл мен қыз сол тілде әлемді ұғынар, сол тілде сөйлеп, ұйықтаса да сол тілде түс көрер деген берік байламда болған. Уақыт өте келе, бұндай тәмсілдің баяндылығына әлем тарихшыларының, көзіқарақты оқырмандардың зердесі де, көзі де жеткен.

Тіл мәдениеті – айрықша парықтауды қажет етеді. Анайы сөйлеуге, сөге жамандай сөйлеуге деген дағдыдан бас тарта білсек, қанеки.

Рас, қоғам бір-ақ сәтте сыпайы сөйлеп, бекзат қалыпқа еніп, дегдар деңгейге жете қоюы бек мүмкін деп ойлау аздық етеді. Оның үстіне әңгіме айтқанда да аспандай бермей, жерге түскен де дұрыс. Сонымен, жердегі әңгіме не дейді. Жердегілер не деуші еді. Бүйдейді де: Дұрыс дейді. Жақсы сөйлеу керек. Сыпайы реуіште жүру керек дейді және де. Содан соң айтады. Сөгу, былапыт сөйлеу күнә деп айтар сөздерін шегелей түседі. Қосыласың.Өйткені өзің де солай ойлайсың. Бұл – ой-пікір, бәтуа жағы.

Ал өмірде, пәни тірлігімізде ше. Мынау бұрышта да, анау қалтарыста да өзімізше айтқанда, сол баяғы айтпау керек деген сөздердің қаптап айтылатыны. Былапыт, кесапат, кеще сөздер бұршақша жауады. Бояуды қалыңдатып жағып жатқан жайым жоқ. Борандай борайды-ау кей-кейде. Бұл не сонда? Іштей де, сырттай да қарсы болғанымызбен, етіміз, шіркін, көнбістік танытады. Келіседі де. Өйткені етіміз үйренген әбден. Соған бола жағасынан аласың ба? Алайын десең, өзіңнің тілің де кейде сол сөздерді қайталап қалады. Жә, тоқтаталық осымен. Көпке топырақ шашпалық. Көптің ішінде көргенділері көп-ақ.

Сөйлеу мәдениеті дегеннен шығады, сөйлеу сәттерінде өзге тілдің бірер сөздерін ара-арасында қыстырып сөйлеу де аз емес. Бұл да көбінесе қалыпты жағдайға айналған сыңайлы. Бейнебір дәнекер сөздей ме, әлде сәндік айналымдағы сөз орамдары ма, шыны солай. Орынды, орынсыз пайдаланылады. Тіл шұбарлаудың бірер көрінісі ғана бұл.

Осынау жағдаяттарды балалатып, шұбырта айта беруге болады. Айтпағымыз, сөйлеу мәдениеті ұғымын мемлекеттік деңгейге көтерсек деген ұсыныс. Сөйлеу мәдениеті жайлы түсінік, оның анықтамасы, ережесі, қолданылу сипаттары жайлы еңбектер алдағы уақыттарда да көбірек жазылса. Замана, уақыт талабына сай еленіп, електен өтсе. Ол үшін қазақ тіліндегі орфографиялық сөздіктер бір ізге түссе, қадағаланса. Бүгінде бір сөздің өзі екі-үш түрлі жазыла береді. Бірде қосылып жазылады, кейде дефис арқылы беріледі, тіпті, бөлек жазылады. Орфографиялық сөздікте мұндай сөздердің дұрыс жазылуы көзге анық жазылса да, ескерусіз, еленусіз күй кешуде. Бұл да сөйлеу мәдениеті. Өйткені сөйлеу мәдениетінің деңгейі мен мәртебесі оның жазылу дәстүріне де байланысты екендігін естен шығармаған лазым.

Кей-кейде сөйлеу дағдысында тұздығы көптеу былапыт сөздерді айтпаса болмай ма деген сауалға әртүрлі жауаптар аласың. «Өйтпесе, сөздің салмағы болмайды», «Сөйтпесе, ұқпайды», «Олай сөйлемесең, былбырсың» – дейді. Бұл – үстірт ұғымдар. Десек те, анда-санда ғана емес, көбірек жағдайда десек тым артық бола ма, кім білсін, бірақ «Мына балаңызды бір сыбап беріңізші», «Осы қайыңызды бір басып қойыңызшы», «Әкесін танытыңызшы мына жазғанның» деген өтініш-сөздерді естісімен, ал келіп, нешебір бейдауа сөздерді айызын қандыра айтып еліріп, еліте сөйлеген анайы сөздерге қайран қаласың. Үндемейсің. Дымың ішінде болады. Әйтпесе, ыржалақтап күле бересің. Жынды ма, пері ме десең, сап-сау адам. Жолымен, жөнімен сыбап жатыр. Бірақ біздікі анайы тілмен емес, ана тілімен төгілтіп айтса, қанеки, деген тілек қана. Анайы тілдің сілікпесін асқақтатпай, ана тіліміздің уызын ардақтайық деген ой ғана.

Біздің ұлттың ең басты қасиеті – тілдің ана сүтімен даруында. Қай елдің қызы болса да, барған жерінің туын көтеретін дара да дана қыздарымыздың аналық қасиеті қашанда жоғалған емес. Ендеше, ана тілі деп аталатын ұғымды қазақ тілі десек, оның көсегесі көгере беретіндігіне бір мысқал да күмән жоқ. Тек ынта-ықылас, талап, ниет берік, баянды болсын делік.

Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Сыпайылықтың да жөні, жосығы бар. Сыпайылылықты бүгінде тым қарабайыр түсіну де қоғамдық пікірде нық орнықты.

Ынжықтық, өз ойын кесіп айта алмаушылық, кібіртіктеу, орынсыз ұялу, дер кезінде сөйлей білмеу секілді қасиеттер сыпайылықпен бірге қоныс теппейді. Сыпайылықтың ауылы биік өреде.

Қажет жерінде қайсарлық таныту, сөзді күбілтелемей жалындап, жайнап сөйлеу, жарқырай көріну секілді қаситтер төл тіліміздің сөйлеу мәдениетімен қабысса, нұр үстіне нұр. Осындайда халқымыздың «Қолынан да, сөзінен де іс келеді» деген мақтанышқа тола тағылымды даналығы ойға оралады. Сөйлеу мәдениетінің қалауы да сол. Ал қазақ тілі – айнадай жарқыраған, сәуле шашар, керек кезінде айбынданып, айбарланып, қуатты күшке айнала алатын құнарлы да нәрлі тіл.

Сөйлеу мәдениетін дамытуда ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті нұсқалары мейлінше пайдаланса, оның әсері де мол. Ертегі тыңдаған, әдет-ғұрып, жөн- жосық үлгілерін көріп өскен, уызында жарыған ұрпақ төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі. Бұлардан мақұрым қалған пендесі алапат та анайы сезімге тап келеді. Ақылға бастар аялы сөздің орнын ашу-ызаға бөктіретін арзан сөздер басып алады. Төпелеген сел мен даудың астында қалу, мінеки, осыдан бастау алады.

Сөйлеу мәдениеті – қызыл сөзден қуырдақ қуыру емес. Сөйлеу мәдениеті елге, елдік мұраттарға қызмет етеді. Бірлікті, ынтымақ пен жасампаздықты, меже еткен, тағылымды тірлікті толғауы тоқсан өмірдің тоқетері санаған ел мен жер осынау биік міндеттің төбесінен көріне алары хақ. Ата-бабалар тағылымы осыны меңзейді. Ата тарих, ана тіл солай деп тәмсіл етеді.

Бүгінде сөйлеу мәдениетіне қойылар талап та өте жоғары. Сол деңгейде көріне алмай жүргенімізге, әрине, көңіл ортаяды. Ой тояттамайды.

Әйтсе де, тәуелсіз ел болып, еңсе тіктелгендіктен, келер заманға кемел оймен қарау баршамызды қанағаттандырады. Мемлекеті орнында, астанасы Арқа төсінде, тілі төрде болған ел-жұрттың ойы да текті, жоғарыда болуға тиіс. Төмендемейді де. Керісінше ойлау кері кеткендерден ғана шығады. Аузы күйсе де, көнбіс халқымыздың ұлы ұлдары мен аяулы қыздары тірі тұрғанда тіл деп соққан жүректері туған халқымен мәңгі жасай беретіндіктеріне ешбір шүбә жоқ. Өзегі үзілмеген, жүйкесі жұқармаған, тектілігі сақталған еліміздің ана тілі сөйлеу мәдениетін одан әрі қарай өрістетуге негіз болып қала беретіндігіне имандай сенетініміз де сондықтан.

Сөйлеу мәдениеті өзінен-өзі қалыптасып, нығаймайды. Бірді-екілі іс-шаралармен сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті жайлы мәселелерді көтеруге болады да. Бірақ бұл мәселені түбегейлі шешпейді. Сөйлеу мәдениеті ел эканомикасынан, халқының әл-ауқатынан тыс дүние емес, қоса өрілген еншілес дүние. Бірінсіз-бірі ғұмыр кешпейді. Күні кешегі кеңестік жүйедегідей сананы қаншама өзгертемін деп әуре-сарсаңға салғанындай, оның күні қараң. Бір-ақ күнде күйреп қалады. Сол себепті де тәуелсіз еліміз бүгінгі таңда ел эканомикасын тіктеп, оның рухани-мәдени салаларына жіті назар аудара бастағаны мәлім. Сондай-ақ, осы орайда құқықтық, мәдени, этикалық мәселелердің төбе көрсетіп тұрғаны да шындық.

Сөйлеу мәдениеті әрбір адамның ішкі мәдениетіне тікелей тәуелді болғанымен, әсіресе, жастар арасында өздерінше заманауи, сәнді әрі өздерінше уақыт деңгейінен қалмағандығын дәлелдетуге тырысатын сөздер қазірде жеткілікті. Бұл сөздер қылмыс әлемінің жаргондары мен лексикасы десек те, кейбір жастар оларды мейілінше қолданады.

Мысалы: сындырдым (көндірдім), жынды (керемет), лақтырды (тастап кету) т.т.

Әрине, осынау сөздер уақыт өте қарым-қатынас сөздері ретінде жоғалар. Әйтсе де, бүгінгі шындық осы. Жастарды кінәлауға да болмайды. Сөйлеу және сөз мәдениеті қоғамдық өмірдің кей ретте көрінісі де емес пе. Адамгершілік құндылықтар атаулысының күрт өзгеруі адамдар арасындағы сөздік қарым- қатынасқа да өз әсерін тигізгені хақ.

Есте болар жәйт, сөйлеу мәдениетін орнықтыруда төл тіліміздің айтылу (орфоэпия), жазылу (орфография), сөз мағынасы (лексика), тұрақты сөз тіркестері (фразеология), сөздің түпкі мәні (этимология), жалғау, жұрнақ секілді тілдік, ғылыми жүйелерін де тыңғылықты үйрену және үйрету мәселелері де негізгі мәнге ие бола алатындығын назарда тұтқан жөн.

«Ораза, намаз – тоқтықта» демекші, сөйлеу мәдениеті ел экономикасына тікелей тәуелді дедік. Орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту, ел игілігі мен тұрмысының жақсаруы, жаңғыруы – адамдар арасында талап деңгейіндегі төл тілдік қарым-қатынастарды жетілдіре түспек. Бұл өз кезегінде сөйлеу мәдениетіне де оңтайлы әсерін тигізері хақ. Өйткені еліміз төл тілімізді иемденген халқымыздың атын меншіктеген. Шет жұрттықтар да менталитетімізді білу үшін, ең алдымен, оның тіліне сәлем береді. Тілінің иірімі – сол елдің ділі. Ділін білген адамды сол тілдің иесі, әрине, төріне оздырады. Біздің халқымыздың басты қасиеті де осы. Намысын тіліне жаныған елдің ертеңі де жарық ендеше.

III Практикалық бөлім

3.1 Заманауи жастардың сөйлеу мәнері туралы

Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы. Сөздерді қиюластырып, ойын әдемі де әсерлі жеткізе білу де – өнер. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі - тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ең алдымен ойымыздың, сөзіміздің бөтен, жат элементтермен араласпауы талап етіледі.

Кез-келген адам білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан, онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады.

Тіл-адамдардың еңбек ету процесінде, қарым-қатынас жасау тәжірибесінде, сол тілде сөйлейтін халықтың бастан кешірген ұзақ өміріндегі ойлау жұмысының нәтижесі ретінде үнемі дамып отырады. Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тілді өткір құрал ретінде қолдана білу – үлкен өнер. Әрбір мәдениетті адам сол өнерді үйренуге, тіл мәдениетін артыруға талпынуы тиіс. Халықтың ұшан-теңіз сөз байлығының ішінен ең қажетті, ең ұтымды тілдік құралдарды таңдап алып, оларды айтылмақ ой мен мәтіннің мазмұнына, мақсатына сай етіп тіркестіре алу үшін білгірлік пен шеберлік қажет.

Тіл мәдениеті дегеніміз – адамдармен тілдік қарым-қатынас негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ол жалпытілдік норманың сақталуымен, тілдің мазмұндылығымен, ойлылығымен, лексикалық байлылығымен, көркемдігімен әрі мәнерлілігімен сипатталады. Жалпы тіл мәдениетіне қатысты анықтамаларды қарастырып отырсақ, тіл мәдениеті дегеніміз сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу мен жаза білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен, әсерлі етіп қолдана алу шеберлігі.

Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Яғни, тілдің эстетикалық әсер етуіне басты назар аударылуы қажет. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты сөйлеу, жазу үстінде де адамның әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасындағана емес, соған қоса тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс.

Тіл қарым қатынас құралы. Әрбір айтылған сөз арқылы адамның ой-өрісінің, рухани байлығының, ортасының, тәрбиесінің қандай екенін байқауға болады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деп ұлы

Абай тегін айтпаған. Ана тілінің сөз байлығын игерген, сөз құдіретіне түсінген, тіл тазалығында өзіне де, өзгеге де талап қоя алатын адам тіліміздің тазалығына, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Үлкен кісілер «сөздің құдіретінен» қорқып, ауыздан шыққан әрбір сөзге абай болып, ойланып барып сөйлеген. Абай атамыз: «Сүймек, сезбек, кейімек, харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек…», – дейді. Ал қазірде керемет бай, көркем, әдемі тіліміздің жұрнақ та қалмай бара жатыр десек, шатаспағанымыз. Неге? Себебі бүгінде біздің қатарластарымыз мүлдем батыстанып барады. Қазіргі жаһандану заманында батыстан келіп жатқан тоқтаусыз ақпараттар легі жастардың тіліне қатты әсерін тигізуде. Қазіргі жастар сөйлесу барысында ағылшын сөздерін көп қолданады. Мәселен, *изи – оңай, рендомда бардық – кездойсоқ бардық, чекай – тексерші, сорри, сорян – кешір, мей би – мүмкін, мамми – мама – анашым, френд – досым, лав – сүю, жақсы көру, гоу–жүр, лол (aughing out loud) – қатты күлу, рофл (Rolling on the Floor Laughing) –күлкілі – шутка – қалжың, пруф – дәлел, плиз – өтіну*т.б.

Қазірде жастардың аузынан *О, изи гой бұл! Чекай, плиз! Сорри! Мен оны лав қой! Сорян, братан!* деген сияқты не ағылшынша емес, не қазақша деуге болмайтын қойыртпақ тілқолданыстарды тыңдап отырған адам, қандай ортаға түсіп кеткенін білмей, таңқалары анық. Сол сияқты орыс сөздеріменде араласқан сленгтер жастар тілінде өте көп ұшырасады. Мысалы, *респект– керемет, точняк–дәл, туса – жиын, хавчик – ас, инфасотка – 100 % сенімді ақпарат, агриться – жындану, здорово – привет – сәлем, боратуха – аға, бауырым, мешат етпеш – кедергі келтірмеші, батя – әке, сеструха – қарындас, потерия болу – алаңду, абыржу, препод – эдвайзер-оқытушы общяга – жатақхана, инет–интернет, читалка – оқу залы, внеаудиторка – аудиториядан тыс тапсырма, маршутка – қоғамдық көлік* т.б. Байқаусызда қағып кетсең *«широкийсың ба не?»* деп ұрынарға қара таппай тұрады.

Тек орыс, ағылшын сөздері ғана емес, қазіргі жастардың қазақ сөздерінің өзін қатырып қолданатындары шамалы. Мәселен, *шаймашы, кумашы, шайып кетті – түсініксіз болып кетті* мағынасында, *тартыл – жақында, тізесі шыққан әңгіме – таптаурын болған әңгіме, шелек болу – өзінше болу* т.б. Бұрынғы «әже» демей сүт ішпейтін немерелер қазірде *«ажека»* деп әжелеріне ақыл айтып отырады. Неге Себебі, *«Айналайын,құлыным, құлдығың болайын»* деп, бар мейірін немересіне төгіп отыратын әжелер жоқ қазірде. Қазіргі әжелердің өздерінің тілі бұзылған. *«Ой, мой внучок», «Доча, балашка, боташка»* деп жатады. Сол сияқты үйдің бөлмелерінің өзінің қазақша атаулары ұмытылып, *«жатын бөлме – спальная комната», «балалар бөлмесі – детская комната», «ас бөлмесі – кухня», «ауыз үй – прихожка», «дәліз – коридор»* болып қолданылуға құлағымыз үйреніп кеткен.

Қазіргі жастар тілінде ешбір ақылға сыймайтын «фразеологизмдер» де жетерлік. Мысалы, жастар тілінің шұбарланғанын тек орыс-ағылшын сөздерін қосып, жаргондармен сөйлеуінен ғана емес, қазақша тұрақты тіркестерді де сөйлеу тілінде әбден бұзып, қалай болса солай қолданатындығын көруге болады.

Мәселен, *поставить на место – орнына қою*; Бұл тіркес таза калька болса, *пожирать глазами – көзімен адам жеу* тұрақты тіркесі де калька, бірақ бұл тіркесте бейнелілік жақсы сақталған.

Осылардың қатарына *лақтырып кету, лапша ілу, құлақтан тебу, алдап кету, сындырып кету, бөшке домалату – жала жабу, фарын сындыру, дать в глаз* т.б. тұрақты тіркестерді жатқызуға болады. Бұл – орыс тілінің әсерінен сөйлеу тіліне әбден дендеп кеткен. Жастардың сөйлеу тілінде жиі кездесетін тіркестер.

Кейбір тіркестердің пайда болу, жасалу мотивациясы бірден түсінікті.Жастар тілінде *«алдап кету»* мағынасындағы жиі қолданылатын *«Қоянның суретін салып кету»* – бүгінгі ұрпақтың бала кезінде көріп өскен *«Қап, бәлем, қоян!»* мультфильміндегі қоянның қасқырды үнемі алдап кетуі, күліп тұруы осы фразеологизмдердің жасалуына, қалыптасуына уәж болған деуге болады. Ал енді бір тіркестердегі образдылықты мүлде қабылдай алмайсыз. Әдемі киім киген адам туралы *«жынды болып киініп алу»,* әдемі қызбен немесе жігітпен танысу – *«жынды қызбен танысу»*. Бұл мәліметтер қазақ тілінің келешекте мәнерлілігінің азаятындығын көрсетеді. Тұтынудаболмаған асыл сөздер тот басқан сайын қажетсіз бола беретіні түсінікті.

Ана тілін жақсы білетін бар қазақтың міндеті жаһандану заманында қазақболып қалу үшін ата бабамыз қалдырған ұлт тіліндегі сөз жауһарларынұмытпау, жастардың тіліне дарыту, олардың сүреңсіз сөз қолданыстарына бақылау жасау, кейінгі ұрпаққа бұзбай табыстау.

Қазақ тілі қазақ ұлтының мәдени мұрасын, бастан кешкен тарихын ұмыттырмай еске алады, ұрпақтан ұрпаққа табыстайды, сондайақ, дәстүр сабақтастығын жалғастырады, санада қайта жаңғыртады, қазақтардың руханиэкологиялық ортасын сақтайды.

Кез-келген тәуелсіз мемлекеттің ең басты қағидасы - мемлекеттік тілді құрметтеу. Мемлекеттік тілі жойылған елдің келешегі жоқ екені баршаға аян. Сөз құрамы – ғасырлар бойы жасалып, қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан бай қазына, қасиетті мұра. Әр ұрпақ оны қадірлеуге, ілгері дамытуға міндетті. Жастардың жаргон сөздерге құмар болуына өздерінғана кінәлау дұрыс емес, тәрбие алған отбасының, қоршаған ортасының да кінәсі бар. Мектепте ұстаздарымыздан, отбасынан тыйым болмаса, сленг сөздерді қолдануымыз дұрыс сияқты көрінеді.

Қазіргі жастар көркем әдебиет оқымаймыз, оқығанмен кітап сөздерін көп жастар түсіне бермейді. Өйткені, кітаптың орнын, әлемді жаулаған компьютер толықтырып отыр. Ал, компьютерге әуес болып, соған тәуелденген баладан не күтуге болады? Менің қатарластарым әдебиет әлемінен алшақтап, арзанқол сөздермен көмкерілген ғаламтор ішіне еніп кеткен. Соның салдарынан жастардың көбі қазақша айтар ойын жеткізе алмай «ия, жоқ» деген сөздермен шектеледі.

Міне, бүгінгі күнгі жастар тәрбиесіндегі көкейтесті мәселенің еңбастысы – жастардың тілі болуы керек. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тіліміздің мәртебесі көтерілер еді. Жастық шақ жақсы қасиеттерді бойға сіңіру кезеңі екендігіне ешкімнің де дауы болмаса керек.

Лингвоэкология тұрғысынан қарағанда тілді тұтынушы адам – тілдік тұлға ретінде ұлттық әдеби тілде сөйлеуге міндетті. Алайда тілдік тұлғалардың әдеби тілді әр түрлі деңгейде меңгеруіне қарай, тілдікмәдени сипаты әр түрлі.

Қорыта келгенде, ана тілін жақсы білетін бар қазақтың міндеті жаһандану заманында қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін, жастар ана тіліміздің қадірін білуі үшін, қазақ болып қалу үшін ата бабамыз қалдырған ұлт тіліндегі сөз жауһарларын ұмытпау, жастардың тіліне дарыту, олардың сүреңсіз сөз қолданыстарына бақылау жасау, кейінгі ұрпаққа бұзбай табыстау.

IY. Қорытынды

Қорыта айтқанда, жастардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, ана тілін шұбарламауға көңіл бөлу керек. Теледидардағы бағдарламалар мен әлеуметтік желідегі ақпараттардың сапасын, сөздік қорын, тіліміздегі сөздердің дұрыс қолданылғанын саралап қарау, жастардың әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарын арттыру қажет. Ахмет Байтұрсынұлы атамыз айтқандай «тіл тазалығын сақтау — бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау — біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады» дегім келеді.

Сөз соңында айтарым, жалпы қоғам, зиялы қауым, жастар үшін сауатты жазу қандай міндет болса, дұрыс, таза сөйлеу де сондай міндет. Таза сөйлей білу де мәдениет, тәрбиенің бір саласы. Айтайын деген ойдың мағынасын бөліп-жармай жеткізе білу де қасиет. Өзімізге қажетті қасиеттің бәрі ана тілімізде жатыр.

Алайда, өмір жалғаса берер, бірақ өскелең ұрпақ өзге елдің шылауында кетіп, өзге жұрттың мәдениетіне еліктеп, заман ағымына еріп мағынасыз әуенді тыңдап ана тіліміздің жоғалуына жол берілмесін деген ой. Жастарға намыс отын жағатын, жүрегіңе жылылық ұялататын, елге, жерге деген патриоттық сезімін оятып, қалыптастыратын да ана тіліміз. Сөздің қадірін кетірмей, ана тіліміздің қадірін кетірмейік. Қазақ тіліне ең алдымен қазақтың өзі жанашыр болуы тиіс. Барлығымыздың азаматтық борышымыз, қасиетті парызымыз деп түсінейік.

МББ аты: «Республикалық 45minut.kz» газеті
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: аптасына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы
Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты:
білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«Республикалық 45minut.kz» газетіне жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, 2012 жылғы 19 наурызда № 12341-Г куәлігі берілді.
Газеттің қайта тіркеуден өткен күні: 08.08.2019 жыл
Куәлік № KZ48VPY00013618. Нұр-Сұлтан қаласы

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.
Газет «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2024 жыл Телефон: 8 777 055 0590